

«М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 хаттамасы

«19» желтоқсан 2022 жыл

Ақтөбе қаласы «М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

Қатысқандар саны -6

Қатыспағандар-3

Қатысқандар:

- 1) Қамқоршылық кеңес төрағасы - Қ.Қ.Табаналы
- 2) Қамқоршылық кеңестің орынбасары – М.Қ.Танжарбай
- 3) Кеңес мүшесі – С.М.Сауанаев
- 4) Кеңес мүшесі – М.С.Шукралиева
- 5) Кеңес мүшесі – Г.М.Утарова
- 6) Кеңес мүшесі- Б.Б.Дүйсенова

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Мемлекеттік қаржыдан бөлінген қаражатты үнемдеу есебінен мектеп мұғалімдері мен қызметкерлеріне сыйақы ұсыну.
Мектеп директоры Д.Н.Кудайбергенов
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар.
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Н.Әбденев
3. I жарты жылдықта тәрбие бағыты бойынша атқарылған жұмыстар.
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Қалдыбаева

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Қ.Қ.Табаналы күн тәртібінде қаралатын мәселелерімен таныстырды. Сөз кезегі мектеп директоры Д.Н.Кудайбергеновке берілді. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №168 Заңының 29-бабына және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2015 жылы 31 желтоқсанындағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы» №1193 қаулысының 5,6 тармағына сәйкес «Ақтөбе қаласының білім басқармасы» ММ-нің 2022 жылғы 13 желтоқсандағы «Сыйақы беру туралы» №455 бұйрығы негізінде 16 желтоқсан, Жаңа жыл мемлекеттік мерекелерінің құрметіне мектеп қаражатын үнемдеу есебінен ұстаздар мен мектеп қызметкерлеріне сыйақы беруді ұсынамын.

Сөз алды:

Қамқоршылық кеңес төрағасы Қ.Қ.Табаналы өз сөзінде мұғалімдер мен қызметкерлердің еңбектері зор екендігін атап айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшесі М.С. Шукралиева «Бір әріп үйреткен ұстазыңа, қырық жыл тағзым ет» деген нақыл сөздің өзі де, қай қоғамда болмасын мұғалім еңбегінің қаншалықты маңызды екендігін және жоғарыда айтылған ұсынысты қолдайтынын айтып, өз пікірін білдірді.

Басқа да кеңес мүшелері өз ойларын ортаға салып, мектеп қаражатын үнемдеу есебінен ұстаздар мен мектеп қызметкерлеріне сыйақы беру жөніндегі ұсынысты құптады.

Екінші мәселе бойынша, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Н.Әбденев оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды:

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Ендігі кезекте, құқық бұзушылықты болдырмау үшін мектебімізде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып кетейін.

Қазіргі таңда жасөспірімдер мен оқушылар арасында электронды темекіні тұтыну көп қолданыста, біздің мектеп оқушылары арасында да электронды темекі қолданып, ұсталған оқушылар анықталды. Оқушылардың ата-аналары шақыртылып, ескерту жасалып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

5-7 класс ер балалары арасында кәмелетке толмаған жасөспірімдермен жұмыс жасайтын инспекторымен жиналыс өткізіліп, жиналыс барысында темекінің зиянды жақтары мен оқушының денсаулығына тигізетін залалы туралы айтылды. 8-11 класс ер балалары арасында «Құқықбұзушылықтың алдын алу және есірткіге жол жоқ» тақырыбында Алматы ауданы №4 ҚІБ ЖПҚ КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты Б.А.Үкібай және полиция аға лейтенанты Ж.Г.Туменбаевпен кездесу ұйымдастырылып, профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, жыл басында ата-аналардың келісімімен оқушылардың мектепте ұялы телефон ұстауына тыйым салынды. Дегенмен әлі күнге дейін телефон ұстап жүрген оқушылар бар. Мектебімізде «Түнгі рейд» жұмыстары жүргізіледі. Мектебіміздің ер мұғалімдеріне арнайы тәртіп сақшыларының киімі тігілді. Ер мұғалімдер тиісті аумақты аралап, оқушылардың кешкі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 23-ден таңғы 6-ға дейін көшеде жүруі, ойын-сауық орындарында болуына тиым салынатындығы жөнінде түсіндірме жұмыстарын жасайды.

Сөз алды: Қамқоршылық кеңестің орынбасары М.Қ. Танжарбай сөзінде, ұялы телефонды ұзақ қолдану, қараңғыда қарау көздің көруін төмендететінін оқушыларға үнемі ескертіп отыру керек деп ұсыныс білдірді.

Қамқоршылық кеңес мүшесі С.М.Сауанаев мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықтың аз кездесетініне, қалалық ішкі істер бөлімінде есепте оқушы жоқ екендігіне қуанып, әрі қарай да осы қалыпта жұмыс жасау қажет деп өз пікірін айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Қалдыбаева І жарты жылдықта атқарылған тәрбие жұмыстары жөнінде айтып өтті. Оқу жылының басынан бекітілген жоспарға сәйкес өткізілген тәрбиелік іс –шаралар өткізіліп келеді. Әр дүйсенбі сайын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалады, ұзақ қоңырауда өткен аптаны қорытындылау мақсатында саптық жиын болады. Жиында оқушылардың марапаттары мен мектеп жаңалықтары айтылады, сонымен қатар оқушылардың сабаққа толық қатысуына ынталандыру мақсатында директордың ауыспалы кубогы табысталады. Әр аптаға жоспар құрылып, жоспар барысында мерекелік шаралар аталып, танымдық сағаттар, тәрбие сағаттары, кездесулер, дөңгелек үстелдер мен интеллектуалдық ойындар, концерттік бағдарламалар өткізіледі. Алда келе жатқан Жаңа жылдық мерекеге орай мектепбіміздегі аз қамтылған, үйден және ерекше білімді қажет ететін оқушыларға мерекелік сыйлық таратуға демеушілерге ұсыныс хаттар жіберілді. Қала әкімінің, Алматы ауданы әкімінің шыршасына қатысуға оқушылар ұсынылды.





Сөз алды:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Г.М.Утарова өз сөзінде І жарты жылдықта тәрбие бағыты бойынша атқарылған жұмыстарға көңілі толатындығын айтып, өз ойымен бөлісті.

Қаулы:

1. Мемлекеттік қаржыдан бөлінген қаражатты үнемдеу есебінен мектеп мұғалімдері мен қызметкерлеріне сыйақы тағайындау ұсынысы қабылданын.
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
3. I жарты жылдықта атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелері:

1. Қамқоршылық кеңес төрағасы - Қ.Қ.Табаналы 
2. Қамқоршылық кеңестің орынбасары – М.Қ.Танжарбай 
3. Кеңес мүшесі – С.М.Сауанаев 
4. Кеңес мүшесі – М.Б.Байдрахманов
5. Кеңес мүшесі – М.С.Шукралиева 
6. Кеңес мүшесі – Ш.Б.Абишева
7. Кеңес мүшесі – Г.М.Утарова 
8. Кеңес мүшесі – Д.М.Сембай
9. Кеңес мүшесі Б.Б.Дүйсенова 

Қамқоршылық кеңес төрағасы




Қ.Қ.Табаналы

Хатшы

Г.М.Бекешева